

Бекітемін

№ 29 «Ай Керім» бөбекжай

бақпасының меңгерушісі

Мүрши К. Сейдалиева



«Сикырлы ағаш»



«Балдырған» ортаңғы тобы

Тәрбиеші: Жумабаева А.Б.

Шымкент 2022-2023г

Сиқырлы ағаш

Максат-міндеттері:

Дамыту:

- есте сақтауды, логикалық ойлауды, зейінді дамыту;
- белсенді сөздік қорын дамыту;
- моториканы дамыту.
- сөйлеуді қозғалыспен үйлестіруді дамыту

Тәрбиелік:

- өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу;
- қызметке белсенді қатысу.
- жауапкершілікті, басқаларға көмектесуге деген ұмтылысты тәрбиелеу.

Білім беру:

- геометриялық фигуралар туралы идеяларды бекіту, оларды ажырата білу және атау (шеңбер, шаршы, үшбұрыш, тіктөртбұрыш).
- заттардың пішінін геометриялық фигуралармен байланыстыру қабілетін бекіту
- Негізгі түстер туралы білімдерін бекіту: жасыл, қызыл, көк, сары,
- Объектілердің бейнелерін өз бетінше жасау және оларды атау қабілетін дамытуға ықпал ету.

Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы

Тәрбиеші

- Балалар, мынау не дыбыс?
- Әрине SMS сигналы. (Тақтада конверт пайда болады.)



- Бір қызығы, бұл хатта не бар? Тындайық.
 - Балалар, сен менімен бірге ертегіге баруға дайынсың ба?
 - Олай болса көздерінді жұмындар.
- Бір, екі, үш, бірден ертегіге түс. (балалар орнында тұрып айналады)
- Міне, біз ертегіге тап болдық. Мұнда бәрі ертегідей болады.
 - Балалар мына ортада тұрған қандай ағаш? (Ағашқа назар аударады)
 - Мына ағаш жәй ағаш емес сиқырлы ағаш сияқты онда алма емес қызыл қалташалар ілініп тұр.
 - Қарандаршы, Балалар, міне, қандай керемет ағаш.
 - Онда не өстіп тұр?
 - Қалташалар, олар жәй қалта емес, тапсырмалармен екен. Әрбір орындалған тапсырма үшін ағаш бізге тосын сый жасайды екен. Ол сурет бөлшектері.
- Бұл суреттен біз хатты кім жібергенін білеміз.

1-тапсырма "Кәмпит жаса" ойыны.

- Балалар бұтақтан бір қалташаны алайын

(Қаташаны алған уақытта экранда аю пайда болады)

- Бұл не? (аю)

-Балалар аю бізден көмек сұрап тұр оны ара лар туған күніне шақырыпты. Сыйлыққа кәмпит жасағысы келеді екен. Ол оны балдан қалай дайындау керектігін білмейді екен. Көмектесеміз бе? Біз мына пішіндердің көмегімен кәмпит жасаймыз. (Балалар пішіндерді құрастырып кәмпит жасап береді)

- Жарайсындар, бұл үшін біздің керемет ағаш бізге суреттің бір бөлігін береді.

2-тапсырма Саусақ жаттығуы.

- Келесі қалтан аламыз. Мұнда бізді не күтіп тұрғанын көрейік.

(Қалташаны алған уақытта экранға Тышқан пайда болады)

-Балалар тышқан бізге саусақ жаттығуларын жасауды ұсынып тұр.

Мысық пен тышқан.

Мына қолым тышқан болсын,

Мына қолым мысық болсын,

Саусақтарды жаттықтырып,

Мысық-тышқан ойыны болсын.

Тышқан жерді тырнайды.

Мысықты алдайды,

Құйрығымен мысықты.

Тышқан түртіп, зып етті,

Мысық оны күтіп отыр,

Тышқан інде күліп отыр.

Балалар саусақтарын біріктіріп, қарама қарсы ұстайды, оң қолы тышқан, сол қолы мысық. Саусақтармен мысық пен тышқанның бейнесін жасайды. Сөзіне сәйкес қимыл жасау.

- Жарайсындар, балалар, тапсырманы орындадық, ал біздің Сиқырлы ағаш суреттен тағы бір бөлік береді.

3-тапсырма. "Түрлі-түске бояу" ойыны

- Сиқырлы ағаштан тағы қалта аламыз.

(Қалташаны алған уақытта экранға Қоян пайда болады)

-Балалар қоян бізге мынадай тапсырма беріпті. Ол мына сәбіздерді бояп үлгере алмай, сендерден көмек сұрап отыр.

(балалар қағазда берілген сәбізді бояйды)

Сиқырлы ағаш суреттің бір бөлігін береді.

4-тапсырма. "Қасқырға қақпан құрайық" қимылды ойыны

Тәрбиеші бір қалтаны алады. (Қасқыр экранында пайда болады)

Тәрбиеші Қасқырдың маскасын алады. Балалардың біріне кигізеді.

Қалған балалар шеңбер құрып қақпан құрады.

Балалар ойын шартын сақтай отырып ойнайды.

- Жарайсыңдар, балалар суреттің тағы бір бөлігін таптық, бізге хат кім жіберді?

5-тапсырма «Біреуі артық» ойыны

- Соңғы қалтаны аламыз .

(Экранда Түлкі пайда болады)

-Балалар түлкі мына карточкаларда қайсысы артық екенін таба алмай басы қатып отыр екен. Біз көмектесейік. Балаларға үлестермелі карточкалар беріледі. Балалардың жауабы тыңдалады.

- Жарайсыңдар, балалар, бұл үшін біздің Сиқырлы ағаш бізге суреттің соңғы бөлігін береді.

- Ағашта дорбалар қалмады. Енді бөліктерді құрастырып, хатты кім жазғанын көрейік (суретті құрастырғанда Бақа шықты)

-Балалар бұл суреттен бақа шықты. Ол бізден көмек сұрап хат жолдапты. Ауладағы ағашы бүршік жармай, гүлдемей тұр екен. Қазір көктем мезгілі. Ағаштардың барлығы гүлдеп, бүршік жарып жатыр. Ал бақа бізден көмек сұрап отыр

(Балалар қуана келісіп, дәстүрден тыс сурет салу техникасын қолдана отырып ағашты безендіреді)

-Ал енді балалар осы кейіпкерлер қай ертегіден?

- Сендерге ертегі ұнады ма? Жарайсыңдар! Барлық тапсырмалар орындалды.

- Қарандаршы біздің Сиқырлы ағаш бізге тәттілер берді.

Рахмет ғажайып ағаш.

Біз балабақшаға баратын кез келді,

- Барлық көздер жабылды. Бір, екі, үш, бұрыламыз, балабақшада боламыз.

- Міне, біз бақшаға келдік, айтыңдаршы, біз қайда болдық, не істедік?

- Жарайсыңдар, олар барлық тапсырмаларды жақсы орындадыңдар.